

Мамандық бойынша тестердің техникалық спецификациясы
02_МК_Емдеу ісі (фельдшер)

1. Құрастыру мақсаты:

Тест Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының «Емдеу ісі» (фельдшер) мамандығы бойынша 2021-2022 оқу жылы медициналық колледж түлектерінің кәсіптік даярлығына бағалау жүргізу үшін әзірленді.

2. Міндеті:

«Емдеу ісі» (фельдшер) мамандығы бойынша ТЖКБ білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау

3. Тест мазмұны мен жоспары:

«Емдеу ісі» (фельдшер) мамандығы бойынша тест ТЖКБ білім беру бағдарламаларына сәйкес келесі пәндер бойынша оқу материалын қамтиды:

Тақырып	Мазмұны	Тапсырмалар саны	
02_МК	Клиникаға кіріспе Инфекциялық қауіпсіздік, инфекциялық бақылау.	9	A-3 B-3 C-3
02_МК	Ішкі аурулар пропедевтикасы Науқасты клиникалық тексерудің жалпы әдістері Ішкі мүшелер патологиясы бар науқастарды тексеру әдістері	10	A-3 B-3 C-4
02_МК	Ішкі аурулар Мүшелер мен жүйелердің аурулары Ішкі аурулар клиникасындағы шұғыл жағдайлар	18	A-5 B-6 C-7
02_МК	Балалар аурулары Неонатология. Жетіліп туылған бала. Шала туылған бала. Күтім. Емізу. Ерте жастағы балалардың аурулары. Балалардағы органдар мен жүйелердің аурулары Балалардағы жұқпалы аурулар Педиатриядағы шұғыл жағдайлар	11	A-3 B-4 C-4
02_МК	Жалпы хирургия, анестезиология-реанимация Хирургиялық инфекцияның алдын алу. Асептика және антисептика. Қан кету. Анестезия. Жарақаттар. Хирургиялық инфекциялар. Ісіктер	11	A-3 B-4 C-4
02_МК	Хирургиялық аурулар Хирургиялық аурулар және мүшелер мен жүйелердің зақымдануы	5	A-1 B-2 C-2
02_МК	Акушерлік-гинекология Жүктіліктің ерте және кеш кезеңдерін диагностикалау. Перинатология негіздері. Босану.	10	A-3 B-3 C-4

	Ұрықтың құрсақ ішілік гипоксиясы. Жаңа туған нәрестенің асфиксиясы . Жамбас ауытқулары.Туыт аномалиясы. Жүктілік кезінде және босану кезінде қан кету. Геморрагиялық шок, ДВС-синдром. Туыт жарақаты. Акушерлік операциялар Гинекологиядағы өткір іш.		
02_МК	Жұқпалы аурулар. Жұқпалы науқасты тексеру принциптері. Жұқпалы ауруларға күтім жасау	7	A-2
			B-2
			C-3
02_МК	Дерматовенерология. Терінің аллергиялық аурулары, іріңді және вирустық тері аурулары Терінің саңырауқұлақ және паразиттік аурулары Жыныстық жолмен берілетін аурулар	3	A-1
			B-1
			C-1
02_МК	Неврология. Тексерудің, емдеудің және күтімнің негізгі принциптері Неврологиядағы шұғыл жағдайлар	3	A-1
			B-1
			C-1
02_МК	Психиатрия. Негізгі психопатологиялық симптомдардың клиникалық көріністері. Психиатриядағы шұғыл жағдайлар	3	A-1
			B-1
			C-1
02_МК	Офтальмология Көз ауруын емдеудің негізгі принциптері мен әдістері. Көру мүшесінің жарақаттануы.	3	A-1
			B-1
			C-1
02_МК	Оториноларингология ЛОР аурулары бар науқастарды күту мен емдеудің жалпы әдістері. ЛОР мүшелерінің ісіктері.	2	A-0
			B-1
			C-1
02_МК	Физиотерапия, массаж. Емдік дене шынықтыру және медициналық бақылау	2	A-0
			B-1
			C-1
02_МК	Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару	3	A-1
			B-1
			C-1
	Барлығы	100	A-28
			B-34
			C-38

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тест тапсырмалары "Емдеу ісі" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік медициналық білімі бар бітірушілерде (фельдшер) таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

5. Тапсырмаларды орындаудың орташа уақыты:

Бір тапсырманы орындау уақыты-1,5 минут. Тестті орындаудың жалпы уақыты - 2,5 сағат

6. Тесттің бір нұсқасындағы тапсырмалар саны:

Бір тестте-100 тапсырма. Қиындық деңгейлері бойынша тест тапсырмалары есте сақтау (А деңгейі) – 30 тапсырма (30%±3%), түсіну (в деңгейі) – 35 тапсырма (35%±5%) және қолдану (С деңгейі) – 35 тапсырма (35%±5%) болып бөлінеді.

7. Тапсырма түрі:

Тест тапсырмалары жабық түрде беріледі. Ұсынылған 5 жауап нұсқасынан бір жауапты таңдау керек.

8. Жеке тапсырмалардың орындалуын бағалау:

Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл, қалған барлық жағдайларда 0 балл беріледі.

2-кезеңді өткізуге арналған клиникалық станциялардың тізбесі:

1. Шок кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
2. Жарақат кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
3. Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)
4. Емшара дағдылары
5. Коммуникативтік дағдылар